«Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациясына берілген ресми пікір білдіруші заң ғылымдарының кандидаты, «Конституциялық және азаматтық құқық» кафедрасының доцент м.а. Жусипова Бакыт Акылбаевнаның

СЫН-ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымның дамуына бағытталған басым міндеттермен толық үйлеседі. Еліміздің барлық өңірлерде ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану және оларды ауыл тұрғындарымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті екенін атай оытрып, ҚР-дағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану, оларды тиімді басқару және келешек ұрпақ үшін сақтау – әрбір азаматтың басты мемлекеттік және қоғамдық мақсаты және конституциялық міндетін көрсеткен. Ауыл шаруашылығы алқаптарының ауыл шаруашылығы өндірісіндегі негізгі ресурс ретіндегі рөлін ескере отырып, оларды тиімді пайдалану мен сақтаудың құқықтық тетіктері стратегиялық маңызға ие болып отыр. Бұл саладағы құқықтық қатынастарды тиімді реттеу үшін, теориялық зерттеулер жүргізу ғана емес, сонымен бірге нақты ұсыныстар әзірлеу де маңызды болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалды. Диссертациялық жұмыс осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың талаптарына толық сәйкес келеді және ғылымды дамытудың басым бағыттарының талаптарын тиімді түрде орындауға бағытталған.

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертацияның маңыздылығы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеу саласындағы маңызды мәселелерді қарастырып, теориялық және практикалық шешімдер ұсыну қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, оның ғылыми жаңалықтары отандық заң ғылымында айтарлықтай үлес қосады. Диссертация Қазақстан Республикасының жер құқығын ғылыми тұрғыдан дамытуға үлкен үлес қосып, осы бағыттардағы зерттеулерді тереңдетуге ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі жоғары екені айқын байқалады, себебі ол ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеу саласындағы өзекті мәселелерді терең әрі жан-жақты талдайды. Жұмыс теориялық негіздермен қатар, практикалық ұсыныстарды да қамтып, құқықтық қатынастарды тиімді реттеу жолдарын көрсетеді. Бұл зерттеу ауыл шаруашылығы жерлерін дұрыс пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған жаңа көзқарастар мен шешімдер ұсынады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) Негізді. Таңдалған тақырыптың өзектілігі аграрлық сектордағы жер қатынастарын реттеу тәжірибесімен ғана емес, теориямен де анықталады. «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастар», «ауыл шаруашылығы өнімін жоғалту», «жайылым сервитуты», «ауыл шаруашылығы жерлерін үнемді пайдалану» т.б. ұғымдардың құқықтық табиғатын теориялық тұрғыдан зерттеу қажеттігімен анықталды. Ғылыми зерттеулерге сұраныс қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдаланудың перспективалық үлгілерін әзірлеу, оларды жүзеге асыруда қандай факторлардың маңызды рөл атқаратынын анықтау және тиімді пайдалануға қол жеткізу жолдарын көрсету қажеттілігіне болған. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі сақталған, себебі әрбір ғылыми нәтиже бір-бірімен байланысты және бірінен-бірі шығып отырады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды;	1) Айқындайды. Диссертация мазмұны оның тақырыбын айқындап, негізгі зерттеу бағытын көрсетеді. Мазмұнның құрылымы зерттеу тақырыбын толық ашуға және оның өзектілігін, мақсатын, міндеттерін

		3) айқындамайды	анықтауға мүмкіндік береді. Мазмұнның әрбір бөлімі тақырыптың мәнін ашып, зерттеудің нәтижелерін негіздеуге ықпал етеді. сондықтан диссертация мазмұны оның ғылыми құндылығын көрсетеді.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	1) Сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді, себебі олар зерттеудің негізгі бағыттарын және нәтижелерін айқындады. Мақсат тақырыптағы мәселені шешу жолдарын көрсетуге бағытталған, міндеттер осы мақсатқа жету үшін қажетті қадамдарды сипаттаған. Осылайша, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді, бұл жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	1) Толығымен өзара байланысты. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, себебі бұл ғылыми жұмыстың тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз еткен. Әрбір бөлім бір-бірін толықтырып, жалпы зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін қажет болатын негізгі аспектілерді қарастырған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді түрде негізделіп, ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қатар, ұсынылған шешімдер бұрынғы немесе белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Бұл сыни талдау зерттеудің ғылыми сапасын арттырып, автордың ұсыныстарының тиімділігін, олардың жаңашылдығын және практикалық маңыздылығын көрсеткен.Диссертациялық жұмыста автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін сыни тұрғыдан талдайды.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Автор бірнеше жаңа авторлық анықтамалар берген, бұл зерттеудің жаңашылдығын және оның ғылыми қауымдастыққа қосқан үлесін көрсетеді. Мұндай анықтамалар тек теориялық тұжырымдар мен қағидаттар ғана емес, сонымен қатар нақты тәжірибелік бағыттар мен құқықтық қатынастарды тереңірек түсінуге мүмкіндік берген. Мысалы, автор «ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастар», «жайылымдардың құқықтық режимі», «жайылым сервитуты»,

			«ауыл шаруашылығы өндірісінің ысыраптары» сияқты ұғымдардың құқықтық табиғатын терең теориялық тұрғыдан зерттеп, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық қатынастардың объектілері мен субъектілері анықталған.
		5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы айқын көрінеді, себебі автор Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау мәселесіне қатысты заңнамалық ұсыныстар жасап, нақты «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау туралы» авторлық заң жобасын ұсынған. Мұндай жаңалықтар ғылыми зерттеудің тек теориялық қана емес, практикалық маңыздылығын да көрсетеді. Автордың ұсынған заң жобасы ауыл шаруашылығы жерлерін басқарудың қазіргі жүйесіндегі кемшіліктерді ескере отырып, жаңа көзқарастар мен шешімдер ұсынды. Бұл зерттеу тек теориялық талқылаумен шектелмей, нақты құқықтық практиканы жетілдіру үшін қажетті ұсыныстармен толықтырылған. Сондықтан, диссертацияның жаңалығы тек теориялық қана емес, сонымен қатар құқықтық практиканы өзгертуге ықпал ететін практикалық маңызы бар.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы мен негізділігі толығымен жаңа болып табылады. Әсіресе ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану және қорғау мәселесінде. Мұндай шешімдер жаңа тәсілдер мен әдістердің қолданылуын білдіреді, олар тиімділікті арттыруға және аграрлық секторды дамытуға мүмкіндік береді. Әр шешімнің негізділігі ғылыми зерттеу мен тәжірибелік талдау негізінде дәлелденген. Автордың ұсынған шешімдері нақты деректер мен статистикаға, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге негізделіп, олардың іс жүзінде іске асырылуы мүмкін екендігін көрсететін дәлелдермен расталған. Бұл шешімдердің тиімділігі мен жаңалығы құқықтық, экономикалық және басқару салаларында практикалық нәтижелер беруі үшін қажетті шарттар мен механизмдерді қамтиды.

6	Тұжырымдардың негізділігі	Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін).	Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген. Автор зерттеу барысында алынған нәтижелер мен мәліметтерді нақты деректер, статистика, тәжірибелік зерттеулер және халықаралық тәжірибе арқылы дәлелдеп, ұсынған тұжырымдарының ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен. Әрбір жаңа тұжырым теориялық және практикалық тұрғыдан талданып, олардың тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі негізделген. Бұл жұмыс ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін енгізуге мүмкіндік берді, ал ұсынған шешімдер нақты деректер мен ғылыми дәлелдерге сүйенген.
7	Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар	Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) Иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолданылу деңгейі; 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.4 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә 2) жоқ	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: 1. «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастары» анықтамасын бере отырып, бұл қатынастарды құқықтық реттеу экологиялық, азаматтық, аграрлық және басқа құқық салаларының нормаларын қамтиды, бұл қарастырылатын қатынастардың күрделі сипатын көрсеткен. Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның осы бағытын дамытуға елеулі үлес қосады. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? Иә, дәлелденген, себебі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастарға өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа, Диссертант құқықтық қатынастардың негізгі белгілерін тұтастай кеңінен талдап көрсеткен. 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Қалымбек Б., Сайпинов Д.Р. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердің пайдалан мен қорғаудың құқықтық ерекшеліктері // «Төртінші өнеркәсіптік төңкеріске көшу жағдайында тиімді табиғатты пайдалану мен

			табиғи ресурстарға меншік құқығының өзекті мәселелері. Байсалов оқылымдары-2018» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. –Талдықорған. І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018. 495 б - 86-97 бб.
			2. Диссертациялық жұмыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық қатынастардың объектілері мен субъектілері анықтаған 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: B. Kalymbek, D.R. Saypinov, M. Remi. Legal features of use and protection of agricultural land in the Republic of Kazakhstan // Vol 3 No 91 (2019): JOURNAL of Actual Problems of Jurisprudence. 66-76 с. Саипинов Д.Р.1, Калымбек Б.К. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерге меншік құқығының ерекшеліктері // Vol 83 No 3 (2017): JOURNAL of Actual Problems of Jurisprudence. 102-110 с.
			3. Диссертациялық жұмыста, жайылымдардың құқықтық режимінің ерекшеліктерін қарастырып, «жайылымдардың құқықтық режимі» деген ұғымға анықтама берген. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 2) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә 7.4 қолдану деңгейі: 3) кең;

			7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген: Л.К. Еркинбаева, А.Т. Озенбаева, Д.Р. Сайпинов. Некоторые правовые проблемы рационального использования пастбищных угодий Республики Казахстан. Вестник Карагандинского университета, Серия «Право» № 4(108)/2022. DOI 10.31489/2022L4/15-24
			4. Ғылыми жұмыста «жайылым сервитуты» деген авторлық анықтама берген. Мал шаруашылығын жандандыру ауылшаруашылық өндірісінің осы саласын реттеудің құқықтық тетіктерін әзірлеуді және жартылай мал шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған жайылымдарды пайдалану режимін нақтылауды талап етуін атап кеткен. «Мал шаруашылығы туралы» Заңды әзірлеу және қабылдау жоғарыда аталған мәселелерді шешуге кешенді көзқарасты қамтамасыз етуін қарастырған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә. Еркинбаева Лаззат Калымбековна, Озенбаева Айгерим Тойлыбаевна, Сайпинов Данияр Романович, Правовой механиз участия пастбищепользователей в реализации «Плана по управлению» в РК//Сборник научных трудов по материалам IV Международной научно-практической конференции, 21 октября 2023 года, г.-к. Анапа «Актуальные вопросы права: теория и практика», юридические науки, удк 349.41
			5. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық қорғауды қамтамасыз етудің жаңа төмендегі қағидаларын көрсеткен:

			- ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану және қорғау саласындағы қатынастарды реттеудегі тұрақты даму, интеграция және өзара тәуелділік; - ұрпақ ішіндегі және ұрпақ арасындағы теңдік; - трансшекаралық залал үшін жауапкершілік; - ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану және қорғау саласындағы ақпарат пен шешімдерге ашықтық, жұртшылықтың қатысуы және қолжетімділігі; - ауылшаруашылық жер ресурстарына қол жеткізу және оларды пайдалану; - ауыл шаруашылығы алқаптарының экожүйесін сақтау. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Саипинов Д.Р. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерді тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2017» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. –Астана, 2017. 221 б - 187-192 бб. 6. Жұмыста диссертант ауыл шаруашылығы өндірісінің ысыраптары деген ұғымға авторлық анықтамасын берген. Аталған құқықтық институттың профилактикалық рөлін күшейту мақсатында қосымша негіздер мен оларды өтеудің тәртібі мен шарттарына өзгерістер енгізу ұсынылаған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ

			7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Saipinov D.R. Legal problems in implementation of the Convention to Combat Desertification of Lands in Kazakhstan and other Central Asian Environmental Policy and Law - Volume 49, issue 1(Scopus) 30-35 p. Еркинбаева Л., Сайпинов Д.Р., Экологизация аграрного производства и устойчивое развитие: правовые проблемы и перспективы// Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие республики казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза», Астана 28.10.2022. 7. Жұмыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану және қорғау саласындағы заңнаманы және оны қолдану шет елдік заңнамалары мен тәжірибесін салыстырмалы талдай отырып, Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында «ҚР-ның ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерін пайдалану және қорғау туралы» заң жобасын ұсынған. 7.1 Тұжырым дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 7.2 Тривиальды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) Иә; 7.4 Қолдану деңгейі: 2) орташа 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Еркинбаева Л.К., Сайпинов Д.Р., Правовые проблемы рационального использования пастбищных угодий: сравнительный анализ законодательнства Республики Казахстан и Республики Узбекистан, Материалы международного узбекско-

			казахского научно-практического форума, г. Ташкент, 27-29 сентября 2022 г.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған: 1) Иә; 2) жоқ	Диссертацияда қолданылған әдістеме негізделген және жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу әдістері келесі негізгі әдістер: формальды-логикалық әдіс, жүйелік-құрылымдық әдіс, тарихи-құқықтық әдіс, салыстырмалы-құқықтық әдіс, нормативтік талдау әдісі, эмпирикалық әдіс қолданылған. Зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, теориялық және практикалық мәліметтерге сүйенген. Әдістеме зерттеу мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін тиімді құралдар мен тәсілдерді қамтыған, бұл оның негізділігін арттырған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) Иә; 2) жоқ	1) Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отыра, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) Иә; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор қолданған деректер мен тұжырымдар ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге негізделіп, олардың дәлелділігін қамтамасыз еткен. Бұл ғылыми жұмыстың сапасын арттырып, зерттеу нәтижелерінің сенімділігін бекіткен.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті болды. Автор зерттеу тақырыбына қатысты кең көлемде ғылыми көзқарастарды, теориялық және практикалық жұмыстарды қамтып, тақырыптың терең әрі жан-жақты талдануын қамтамасыз етті. Бұл әдебиеттер тізімі зерттеу нәтижелерінің негізділігін күшейтіп, тақырыптың қазіргі жағдайын толық түсінуге мүмкіндік береді.
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы зерттеу тақырыбының ғылыми тұрғыдан терең түсінілуін қамтамасыз етеді. Бұл жұмыс ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеу мәселелерін жан-жақты зерттеп, жаңа теориялық тұжырымдар мен анықтамалар ұсынған. Автор құқықтық реттеу жүйесінің негізгі қағидаттарын, олардың ауыл шаруашылығындағы тиімділігін және құқықтық қатынастарды жетілдіру жолдарын анықталған. Сонымен қатар, ұсынылған жаңа әдістер мен заңнамалық өзгерістер теориялық тұрғыдан заңнаманың даму бағытын көрсетіп, ауыл шаруашылығындағы жерлерді пайдалану мен қорғау саласындағы ғылыми білімді байытқан. Зерттеудің қол жеткізген негізгі ғылыми нәтижелерін жоғарғы заң оқу орындарында жер, аграрлық құқығы пәндерінен дәрістер жүргізуде пайдалануға болады. Осы бағыттағы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде таптырмас ғылыми зерттеу болып табылады.
		9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: 1) Иә; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысында қамтылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу құқықтық тұжырымдамаларды және ұсыныстарды өзгертулер мен толықтырулар енгізу кезінде заң шығармашылық қызметінде пайдалануға болатынында, НҚА жобаларын әзірлеуде қолдануға бағытталған.
		9.3 Тұжырымдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа),	Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары тәжірибе үшін толығымен жаңа болып табылады, себебі автор ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық реттеу саласында жаңашыл шешімдер мен ұсыныстар енгізді. Жұмыста ұсынылған жаңа құқықтық қағидаттар, әдістер және заңнамалық өзгерістер тәжірибе жүзінде қолдануға дайын және ауыл

			шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мен қорғауды жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар құқықтық реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ іс жүзінде аграрлық сектордың дамуын ынталандыратын жаңа шешімдерді ұсынды.
10	Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы	Академиялық жазу сапасы 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, себебі зерттеу жұмысы ғылыми тілмен, жүйелі әрі нақты жазылған. Автор ғылыми терминологияны дұрыс қолдана отырып, тақырыпты терең әрі логикалық тұрғыда талдаған. Жұмыс құрылымы айқын, тұжырымдар дәлелді, ал дәлелдер мен сілтемелер ғылыми әдебиеттерге негізделген. Сондай-ақ, ғылыми стилі мен құрылымдық талаптарға сәйкес келетін әрі түсінікті баяндау автордың зерттеуге деген жауапкершілігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысын рәсімдеу барысында аздаған ескертулер бар. Автормен ұсынылған құқықтық тұжырымдар мен мен ұсыныстарды нақты іске асыруға бағытталған практикалық қадамдарды егжей-тегжейлі түсіндірсе, зерттеудің қолданбалы маңызы әлдеқайда күшейер еді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларына ауыл шаруашылығы өндірісінің ысыраптарын болдырмау деген қағида қосылса, жұмыс ашыла түсер еді. Бірақ, бұл айтылғандар жұмыстың акадмиялық жазу сапасын және диссертацияның мазмұнын, құндылығын еш төмендетпейді. Жалпы көрсетілген ескерту ұсыну сипатқа ие және жұмысты оң жақты қабылдауға еш әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жекелеген нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы 3 үш мақалада, Scopus компаниясының халықаралық базасына кіретін 2 мақалада, сондай-ақ халықаралық конференциялардың 5 ғылыми жарияланымында көрініс тапты. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің		Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық

	28-тармағына сәйкес)		және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыптағы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйырығының талаптарына сай Сайпинов Данияр Романовичтің диссертациялық жұмысы «8D04203-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын

Ресми пікір білдіруші:
«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
заң ғылымдарының кандидаты, «Конституциялық және азаматтық құқық» кафедрасының доцент м.а. **Жусипова Бакыт Акылбаевна**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«27» 02 2025 г.